

Әр тапсырманың соңында дескриптормен қатар кері байланыс жүреді. Кері байланыс бағдарлам, қол шапалақ, көңіл-күй смайлигі т.б. ретінде болуы мүмкін. Өз сабақтарымда оқушылар нені меңгеріп, қандай жерлерде қиналып жатқанын немесе түсінбегенін білу мақсатында қол шапалақ, смайликтерді, бағдарламды қолданамын.

Жаңартылған оқулықтарда бір байқағаным, ғылыми-зерттеу жұмыстары, зерттеуге негізделген сарамандық жұмыстар, тәжірибелер молынан берілген. «Мың естігенше, бір рет көр» дейді. Оқушылар визуалды түрде көрген бейнені тез қабылдап алады, талдай алады, саралайды, баға бере алады, өз ойын жетік айтып, дәлелдер келтіре алады. Сабақты меңгеруге жақсы септігін тигізетін зерттеу тапсырмалары молынан берілген. Мысалы, 5 сыныптағы «Микроскопиялық зерттеу» тақырыбында оқушылар микроскоптың қызметін оқи отырып, практикада сарамандық жұмыстар жасап, теорияда алған білімін ұштастырды. Оқушылардың бойында микроскоп жайлы ой қалыптасты.

Немесе 7 сыныбында «Топырақтың экологиялық проблемалары» тақырыбында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде «Туған жер» жобасының «Өлкетану» бағыты бойынша оқушылар жергілікті топырақ үлгілерімен танысып, зерттеу жасады. Қара топырақ пен сортаңданған, эрозияға ұшыраған топырақтарды айыра отырып, бір-бірімен салыстыра білді, өткен сабақтармен ұштастыра отырып механикалық құрамын айқындады, топырақ эрозиясымен күресу шараларының жолын іздестірді.

Сонымен қатар «Жаңа бағдарламаның» мақсаты оқушыларды шығармашыл жеке тұлға ретінде дамыту. Осы мақсатты көздей отырып 7 сыныпта «Литосфералық катаклизмдер» тақырыбы аясында оқушылар катаклизмнің бір көрінісі ретінде вулканның макетін өздерінше жасап шықты. Жасау процесінде вулканның құрылысын түсіне отырып, ой-елегінен жеңіл өңдеп, сабаққа деген құлшыныстары артты.

Сөзімді қорытындылай келе, «Жаңартылған білім-болашақтың кепілі». Ал сол білімнің негізін қалайтындар - оқытушылар. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттеліп отыр. Бағдарламаның негізіне айналған «өмірмен байланыс» ұғымын әрқашан оқушылардың көкейлеріне түйе - бұл ұстаздың міндеті! Ендеше құдыретті ұстаз атына лайық жандылар көбейе берсін!

Әдебиеттер тізімі:

1. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың мақаласы Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru> (дата обращения 19.01.18)

2. Жаңартылған бағдарлама- білім берудің жаңа мазмұны <http://www.bilim-all.kz/jospar/2841-Zhanartylgan-bilim-mazmuny---zaman-talaby> (дата обращения 20.01.18)

3. Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында <http://www.orleu-almobl.kz/> (дата обращения 22.01.18)

ВИЗУАЛДЫ МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМУЫ

Исина Асем Балгабаевна
Назарбаев Зияткерлік мектебі, Қостанай к.

Аннотация

Мақалада мұғалімнің жеке кәсіби даму жұмысының тәжірибесі көрсетілген. Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқушының төрт тілдік (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) дағдысын дамытады. Мақалада визуалды материалдарды қолдану арқылы оқушылардың айтылым дағдысын дамыту жолдары көрініс тапты. Жұмыс қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша екінші тіл аудитория оқушылары арасында өткізіледі.

Аннотация

В статье представлен опыт работы учителя индивидуального профессионального развития. Интегрированная образовательная программа по казахскому языку и литературе развивает у учащихся четыре вида языковых навыка (слушание, говорение, чтение, письмо). В статье отражены пути развития навыков говорения учащихся путем применения визуальных материалов. Работа проводилась с учащимися аудитории второго языка обучения по казахскому языку и литературе.

Abstract

The article presents the experience of teacher individual professional development. Integrated educational program in the Kazakh language and literature develops students' four language skills (listening, speaking, reading, writing). The article describes the development of speaking skills of students by use of visual materials. The work was carried out with the students the audience of second language teaching in the Kazakh language and literature.

Түйінді сөздер: айтылым дағдысы, визуалды оқыту, әдіс-тәсілдер, нәтиже, ойын айту, тиімділік.

Ключевые слова: навык говорения, визуальное обучение, методы и приемы, результат, излагать мысли, эффективность.

Keywords: speaking skills, the visual training, methods and techniques, result, to express thoughts, efficiency.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған.

Айтылым дағдысы - адамдар арасындағы тілдік қатынасты жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің бір түрі. Ол - тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару процесі, өз сөзін екінші біреуге ұғынықты етіп жеткізуі. Оқушылардың сөздік қорды қолдануы, белгілі бір тақырыпқа қатысты ойын білдіруі, әңгімелеуі және тыңдалған мәтінді сараптауы, өз көзқарасын дәлелдеуі, шешім шығаруы, қорытынды пікір жасауы визуалды материалдар негізінде тиімді меңгертіледі.

Визуалды оқыту әдістері - тақырыпты білу үшін, баланы қызықтыру үшін ең жақсы жол. Мысалы:

1) Назарбаев Зияткерлік мектебінің «100 кітап» атты жобасында, оқушылар оқыған шығарманың мазмұнын, кейіпкерін суреттісалу арқылы жеткізеді. Бұл әдіс инфографика деп аталады. Инфографика – хабарды, ақпаратты, білімді суретті графикалық тәсілдер арқылы ұсынады. Инфографика деп қандай да бір оқиғаны сипаттау немесе деректерді жеткізу мақсатында кез-келген мәтін мен графика үйлестіріліп беріледі. Көбінесе қиын ақпаратты тез, оңай және анық жеткізу қажет болғанда қолданылады

2) «Ым-ишара» әдісі, адамдарды сөзсіз түсінуге және оқушылардың қызығушылығын арттыруға септігін тигізетін әдістің бірі. Сабақ барысында ым, ишара арқылы оқушылар болған жайды іс-қимыл арқылы түсінеді. Мысалы, «Жасырын сөздер» ойыны. Топтан 1 адам ортаға шығады, жүргізуші оның артында тұрып, бірнеше сөздерді жасырады, ал топтағылар оған ым-ишара арқылы ғана түсіндіреді. Ортадағы адам қандай сөз жасырылғанын табу керек. Бұл негізінен сөзді шығындамай-ақ, болған істі баяндаудың немесе жеткізу, түсіндірудің бір жолы.

Ым-ишараның түрлері:

- ритмикалық, сөйлеу интонациясын қайталайды;
- эмоционалдық, қуанышты, таңғалысты жеткізеді;
- көркемдік, зат туралы бейнелі түсінік қалыптастырады (көлемі, формасы);
- нұсқаушы, затты немесе оның бөлігін ерекшелейді.

3) «Суретті сөйлету» әдісі. Мағынаны тану кезеңінде оқушылардың сөздік қорын суреттер арқылы дамыту өте тиімді деп түйдім. Өйткені оқушылар суреттегі бейнені сипаттап барып, ой түйеді немесе жұмбақталған сөзді балама сөзбен (перифраз) түсіндіреді.

4) «Жасырын сурет» топтан бір оқушыдан шығып, 20 секунд уақыт ішінде суретті есте сақтайды. Топ мүшелеріне есте сақтаған суретті сипаттайды. Олар түсінгенін суретке салады. Топ көрсетілген суретті «жандандыруға» тырысады. Суреттер тақырыпқа сай болуы керек. Оқушыда жауапкершілік пайда болады және топ бірлесе жұмыс істеуге дағдыланады

5) Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқу бағдарламасындағы «А6 Кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты талдау, баға беру» оқу мақсатын іске асыру үшін, оқушылар ақпаратты кесте, диаграмма, шартты белгілерді қолдана отырып талдайды, саралайды, баға береді. Аталмыш тапсырмалар оқушының аналитикалық сараптама жасауына және күнделікті өмірінде қолдануына дағдыландырады (6-сурет). Бұл әдіс «Графикалық органайзер» деп аталады. Ақпаратты есте сақтауды, меңгеруді, талдауды немесе қолдануды жақсарту үшін оны қағаз бетінде (немесе компьютердің экранында) бейнелеуге көмектесетіндердің бірі. Ақпаратты визуалдандыру барысында оқушы ойланады, зерделейді, ақпараттың визуалды-тұжырымдамалық кілтін елестете отырып, оны басынан өткереді. Оқушылар ақпаратты іздеу, растау, жүйелеу және дәлелдеу, пәнаралық байланыстарды табу тәсілдерін меңгереді.

6) «Пирамидалық талқылау» топтық жұмыста айтылым дағдысын қалыптастыруда өте тиімді. Топ мүшелері өз пікірін жеке жазып, ортада талқылап ортақ пікір қалыптастырады. Топ мүшелерінің саны 4 оқушыдан болуы керек. Топтағы әр оқушы таратылған флипчарт қағазына тапсырмаға байланысты жеке өз ойларын жазады. Қағазды бұру арқылы бір-бірінің жауабымен танысады. Жауаптарымен танысып ортақ пікірді қағаз ортасына жазып, ойларын қорғайды.

7) «Сөздік бұлт» әдісі оқушының алған бөлімі бойынша қорытынды жасауға, кестедегі сөздерді – тірек сөздер ретінде қолданып әңгімелеуге, қызуғушылығын арттыруға, шығармашылық қабілетін дамытуға өте тиімді. Басты шарты: тақырып бойынша сөздер (сөз саны шексіз), түрлі-түсті түстер, эстетикалық безендіру

Қорытып айтқанда, визуалды материалдарды қолдану айтылым дағдысының дұрыс қалыптасуының адам үшін маңызы өте зор. Өйткені оқушы сөйлеуге, яғни айтар ойын жеткізе білуге үйренуі керек. Оның мектепте оқытылатын барлық пәндерден жақсы нәтижеге қол жеткізуі осы айтылым дағдысына яғни белгілі бір мәселеге (тақырыпқа) байланысты өз ойын, пікірін немесе қандай да бір ақпаратты түсінікті, толық, жүйелі жеткізе білуіне байланысты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілінен белсенді оқыту түрлері (қазақ тіліне қосымша оқу құралы) Нурушева А.Н. Көкшетау, 2013
2. Қ.Қадашева «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» Алматы, 2002
3. Оқу бағдарламасы Қазақ тілі мен әдебиет Т2. ДББҰ Назарбаев Зияткерлік мектептері. 7-9 сынып Нұсқа-2_110517, 2017
4. Оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер. <https://infourok.ru/>
5. Үш тілде білім беру саясаты. ДББҰ Назарбаев Зияткерлік мектептері
6. Уикипедия. Айтылым дағдысы